



апреля 2024 ж.

Геологиялық түсіру, пайдалы қазбалар кенорындарын іздеу және барлау
кафедрасының кеңейтілген отырысының

№ 8 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

28.03.2024 ж.

Төраға: Бекботаева А.А., ГТПҚКІжБ кафедра менгерушісі

Хатшы: Мухамедиярова Н.З., ГТПҚКІжБ кафедра инженері

Қатысқандар: профессорлар: Байбатша Ә.Б., Аршамов Я.К.; қауым.профессорлар: Бекмухаметова З.А., Байсалова А.О., Омарова Г.М., Асубаева С.К., Мустапаева С.Н., Маманов Е.Ж.; аға оқытушылар: Байтуха С.М., Құрманғажина М.М.; оқытушы: Абдуллаева Т.Л.; ассистент: Мекенбек Г.Н.; жетекші инженер: Амантаев С.А.; инженерлер: Мухамедиярова Н.З., Камзина С., Жетписбаева Т.

Шақырылғандар:

1. Исаева Л.Д. – г.-м.ғ.д., «Геофизика және сейсмология» кафедрасының қауым.профессоры;
2. Жунусов А.А. – г.-м.ғ.к., «Асыл металдар» зертханасының бас ғылыми қызметкері Қ.И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институты;
3. Заппаров М.Р. – г.-м.ғ.к., «Гидрогеология, инженерлік және мұнай-газ геологиясы» кафедрасының қауым.профессоры;
4. Идырышев Р.Б. – «Асыл металдар» зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, Қ.И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институты;
5. Антоненко А.А. – г.-м.ғ.к., «Тұсті және қара металдар» зертханасының менгерушісі, Қ.И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институты;
6. Нигматова С.А. – г.-м.ғ.д., «Мезозой және кайнозой геологиясы» зертханасының менгерушісі, Қ.И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институты;
7. Жаутиков Б.А. – т.ғ.д., профессор, «Қарағанды индустримальық университеті» КеАҚ-ның Басқарма Төрағасы-Ректор м.а.;
8. Ратов Б.Т. – т.ғ.д., «Геофизика және сейсмология» кафедрасының менгерушісі;
9. Темирханова Р.Г. – PhD, «Геофизика және сейсмология» кафедрасының қауым.профессоры.

КҮН ТӘРТІБІ:

«8D07205 – Геология және қатты пайдалы қазбалар кенорындарын барлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмысты Құрманғажина Мәдина Мұхтарбекқызы «Сырымбет кенді алаңындағы кенорындардың үш өлшемді модельдік құрылымдарын зерттеу негізінде сирек металды кенденуді болжау»;

**«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Отандық ғылыми кеңесшілері – К.С.Тогизов, PhD, «Геофизика және сейсмология» кафедрасының профессоры, Я.К.Аршамов, г.-м.ғ.к., «Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасының профессоры, Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ институты, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ;

Шетелдік ғылыми кеңесшілері – Agata Duczmal-Czernikiewicz, PhD, хабил., Adam Mickiewicz University, Польша, Познань қ., А.П.Алешин, г.-м.ғ.к., доцент, Серго Орджоникидзе атындағы Ресей мемлекеттік-геологиялық барлау университеті.

Диссертациялық жұмыс Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің «Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасында және Қ.И.Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтында орындалды.

ГТПҚКІжБ кафедрасының менгерушісі Бекботаева А.А., қатысуышыларды докторант ұсынған құжаттармен таныстыруды:

Докторант М.М.Құрманғажина материалдардың тізімін ұсынды - докторанттың диссертациялық тақырыбын және ғылыми кеңесшілерін бекіту туралы 28.12.2020ж. №2283-д. және 28.06.2021ж. № 847-д. Жұмыс барысында пәндердің зерттеудің теориялық циклі зерделеніп, ФЗЖ бойынша зерттеулер жүргізілді, сондай-ақ практиканың барлық түрлері мен шетелдік тағылымдамадан өтті, олар бойынша есептер тапсырылды. ЖОЖ, докторанттың транскрипті, сондай-ақ 2020-2023 жылдар аралығындағы оку кезеңіндегі еңбектер тізімі жасалды және ұсынылды.

Қ.Тұрысова атындағы Геология және мұнай-газ институты Жас ғалымдар кенесі отырысының ұсынысы бойынша 12.03.2024 ж. №17 хаттамасынан үзінді Құрманғажина М.М. диссертациялық жұмысын кафедрада алдын ала қорғауға ұсынылды.

Диссертация тақырыбы бойынша 6 баспа жұмысы жарияланды. Оның үшін Scopus (Scopus) дерекқоры бойынша процентиль 35-тен жоғары журналдарда, үшінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (КР ФЖЕМ ССҚК) ұсынған журналдарға ұсынылды.

ТЫҢДАЛДЫ: Құрманғажина Мәдина Мұхтарбекқызы, диссертациялық зерттеуінің мазмұны мен нәтижелеріне тоқталды.

Докторантқа келесі сұрақтар қойылыш, оларға жауаптар берілді:

Ратов Б.Т., т.ғ.д., «Геофизика және сейсмология» кафедрасының менгерушісі:

1-ші сұрақ: Польшада өткен ғылыми тағылымдамасы кезінде қандай зерттеулер жүргізілді?

Жауабы: Рахмет сұрақтарыныңға Боранбай Таубасарұлы. Жалпы тағылымдамадан өту барысында жасалған шлиф пен аншлифтердің химиялық және минералологиялық құрамы сканерлеуші электронды микроскоп арқылы зерттелінді. Сонымен қатар сол жақтада шамамен 20 шт әмбебап шлифтер дайындалдып зерттелінді.

2-ші сұрақ: Сынамалар қандай тереңдіктен алынды?

Жауабы: Сырымбет кенорынна сынамалар алу үшін бірнеше рет далалық геологиялық зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде 300-350 метр тереңдікте бұргыланған №70.5-5 және №71.5-1 ұнғымалардан алынған керн үлгілері зерттелінді. Сонымен қатар мору қыртысынан да бірнеше сынамалар алынды.

3-ші сұрақ: Цирконның қандай қасиеттерін айтып бере аласыз?

Жауабы: Циркон ол минерал, ал цирконий ол металл. Менде диссертациялық жұмыстың зерттеулер нәтижесінде түпкілікті таужыныстарда қосымша минерал ретінде циркон анықталды.

Жунусов А.А., г.-м.ғ.к., «Асыл металдар» зертханасының менгерушісі:

1-ші сұрақ: Кен бақылаушы 7 фактордың ең негізгісі?

Жауабы: Сұрақтарыңызға рахмет Ақылбек Асырапқұлұлы. Кен бақылаушы факторларды жүйелеу және толықтыру геологиялық құрылымдық кешендердегі кенді элементтердің құрамын, олардың белгілі бір заттық құрамы мен құрылымының ерекшеліктерімен бөлу заңдылықтары анықталатын болжамды-іздестіру критерийлерін толықтыруға мүмкіндік беретін негізгі факторлар термодинамикалық және заттық.

2-ші сұрақ: Осы Сырымбет типтес кенорындар Қазақстанда бар ма?

Жауабы: Қазақстанда дәл Сырымбет типтес кенорындар жоқ. Қытайда Сун-шуц-зяо деген кенорын бар, генетикалық типі жағынан осы Сырымбет кенорны типтес болып келеді. Жалпы әлемдік қалайы қорын құрайтын осы Кытай мемлекеті алғашкы орындарда, оның қоры 1 100 мың тоннаны құрайды. Қалайы өндіретін үздік 5 ел бар, олар Қытай, Индонезия, Перу, Мьянма және Бразилия. Олар қалайы шикізатының 80%-ың өндіреді.

Заппаров М.Р., г.-м.ғ.к., Гидрогеология, инженерлік және мұңай-газ геологиясы» кафедрасының қауым.профессоры:

Сұрақ: Кенорында жүргізілген ұнғымалардан су алына ма? Немесе жерасты сулары байқала ма?

Жауабы: Рахмет сұрағыңызға Медетхан Расылханұлы. Кенорын күрделі гидрогеологиялық және инженерлік-геологиялық зерттеулермен сипатталады. Ұнғымалар 70 м-ге дейін бұрғыланды. Гидрогеологиялық барлау ұнғымалары 70, 100, 150 м., инженерлік-геологиялық ұнғымалар 340 м. бұрғыланды. Судың қоры аймақтық таужыныстардың жарықшаларында орналасқан. Жалпы Солтүстік аймақтың климаты континенталды, жауын шашынның орташа мөлшері 300-430 мм болады. Жауын шашынның 70%-ы жылдың жылы кезеңдерінде түседі. Қар қалындығы шамамен 30-40 см құрайды, сондықтан ылғалды болып келеді.

Асубаева С.К., г.-м.ғ.к., «Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасының қауым.профессоры:

1-ші сұрақ: Кездесетін минералдардың проценттік мөлшері қандай?

Жауабы: Сұрақтарыңызға рахмет Салтанат Қалықбаевна. Минералологиялық зерттеулер нәтижесінде сирек металды негізгі минералдардың мөлшері 40-50%, ал қосымша 30% және қосалқы минералдар 30% құрайды.

2-ші сұрақ: Басым қандай минералдар кездеседі?

Жауабы: Негізгі минерал касситерит болып табылады. Сонымен қатар басым бөлігі шеелит, вольфрамит, молибденит және де қосалқы минералдар сульфидтер мен карбонаттар анықталды.

3-ші сұрақ: Модельдеу жасалған кезде қай элемент алынып отыр?

Жауабы: қалайы.

Мустапаева С.Н., PhD, «Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасының қауым.профессоры:

1-ші сұрақ: 24 слайдта модель тұрғызылған кездегі өлшем бірліктер қандай?

Жауабы: Рахмет сұрақтарыңызға Сезім Нұрахметқызы. Метр.

2-ші сұрақ: Анишлифттер не үшін жасалды?

Жауабы: Анишлифттер түпкілікті таужыныстардың минералдық және химиялық құрамын анықтау үшін жасалды.

3-ші сұрақ: Сіздің тақырыбыңыз бойынша жаңалық қандай?

Жауабы: Қазіргі уақытта инновациялық әдістермен жүргізілген ғылыми геологиялық зерттеулер жаңа болжамды критерийлермен кен бақылаушы факторлар жүйесін толықтыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты сирек металды кенденуді болжаудың қосынша критерийлері ретінде алғаш рет жоғары ақпараттылықты компьютерлік модельдеу әдісіне негізделген критерийлер анықталды. Сейтіп кешенді геологиялық және талдамалық материалдардар арқылы сандық геоақпараттық деректер базасын жасақтау негізінде Сырымбет кенорынның үш өлшемді модель тұрғызылды.

Байсалова А.О., PhD, «Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасының қауым.профессоры:

Сұрақ: Циркон бойынша неліктен әртүрлі суреттер жасалынды?

Жауабы: Рахмет сұрағыңызға Ақмарал Омарханқызы. Сканерлік электронды микроскоп көмегімен алынған цирконның әртүрлі кристалдарының суреттері оның түстері мен құрамына байланысты алынды. Циркон қосынша минерал ретінде гранитті порфирииттерде жалғыз немесе өте сирек қосындылар түрінде кездесті. Циркон кристалдарының өлшемі 0,02-ден 0,3 мм-ге дейін жетті.

Байбатша Ә.Б. – г.-м.ғ.д., «Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасының профессоры:

1-ші сұрақ: Термодинамикалық модельде температура қалай анықталды?

Жауабы: Сұрақтарыңызға рахмет Әділхан Бекділдаұлы. Сұрақ түсінікті жалпы термодинамикалық модель кен бақылаушы факторларды талдау және олардың негізінде перспективті аудандарды оқшаулау үшін пайдаланылды. Қанша температурада екендігі анықталмады.

2-ші сұрақ: Мору қыртысындағы терендік қалай анықталды?

Жауабы: Бұргылау жұмыстарының нәтижесінде анықталды.

ТЫНДАЛДЫ:

Келесі сөз ғылыми кеңесшілерге берілді, К.С.Тогизов, PhD, «Геофизика және сейсмология» кафедрасының қауым.профессоры және Я.К.Аршамов, г.-м.ғ.к., «Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасының профессоры.

Ғылыми кеңесші К.С.Тогизов пен Я.К.Аршамов докторант М.М.Құрманғажинаның диссертациялық жұмысына оң баға берді.

Ғылыми кеңесші К.С.Тогизов, PhD, «Геофизика және сейсмология» кафедрасының профессоры:

Қазақстандағы перспективті алаңдардың бірі Сырымбет кенді алаңындағы сирек металды және сирек жер кенбілінімдері болып табылады, мұнда эндогендік және экзогендік типтері кенорындар (Сырымбет, Сарыбулақ, Шок-Қарағай) белгілі. Осы кенорындарды жүйелі және түпкілікті зерттеу эндогендік кенорындар мен кенбілінімдердің өзекті мәселелерін шешуге, ғылыми және практикалық маңыздылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Құрманғажина М.М. диссертациялық жұмысы Сырымбет кенді алаңындағы эндогенді сирек металды Сырымбет кенорның жүйелі талдау мен кен бақылаушы факторларын зерттеуге арналған.

Кенді алаптың кенорындары жайлы сантурлі ақпараттар мен қорлар, әдебиеттер көздерінде және әртүрлі масштабтағы карталарда беріліп сол арқылы біртұтас кен бақылаушы факторларды анықтау, болжамдық іздеу критерийлерін табуға курделілік туғызады. Осылан байланысты диссертацияға әлемдік нарықты, геологияны және кен орнының заттық құрамын зерделеу, 3D моделін құру және кен бақылаушы факторларды талдау және олардың негізінде перспективті аудандарды оқшаулау міндеттері қойылды.

Зерттеліп отырған кенорынның геоакпарттық жүйесі мен үш өлшемді моделі кен бақылаушы факторлардың жүйелі және кезекті айқындауға мүмкіндік беріп, ғылыми ақпараттық негізін құрайды. Эндогендік кенорынның болжамдық іздеу критерийлерін жетілдіруге, сирек металды кенденудің перспективті бөлікшелерін анықтауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың практикалық және ғылыми мәнге ие. Ол қазіргі заманғы аналитикалық және цифрлық ақпараттық технологиялар негізінде, 3D форматында кен бақылаушы факторларды жүйелі зерттеу мен танудың тиімді құралы ретінде жасалған.

«Сырымбет кенді алаңындағы кенорындардың үш өлшемді модельдік құрылымдарын зерттеу негізінде сирек металды кенденуді болжау» тақырыбындағы диссертация жоғарғы ғылыми техникалық деңгейде орындалып, аяқталған білікті ғылыми жұмыс болып табылады, ғылыми жаңалығы, практикалық нәтижелері бар және PhD диссертацияларына қойылатын барлық талаптарға жауап береді, ал оның авторы Құрманғажина М.М. 8D07205 – «Геология және қатты пайдалы қазба кенорындарын барлау» мамандығы бойынша PhD философия дәрежесін алу үшін кафедра отырысына алдын ала қорғауға ұсынылады.

Ғылыми қеңесші Я.К.Аршамов, г.-м.ғ.к., «Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасының профессоры

Құрманғажина М.М. «8D07205 – Геология и қатты пайдалы қазба кенорындарын барлау» білім беру бағдарламасы бойынша Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ докторантурасына 2020 жылы түскен болатын. Ол докторантурада оку барысында қажетті көлемдегі оку программасының теориялық курсын толық игерді және қажетті көлемде ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындал, зерттеу практикасынан өтті. Шетелдік стажировканы (2023 жылы) Адама Мицкевич университетінде (Познань қ., Польша) шетелдік ғылыми қеңесшісі геология ғылымдарының докторы, профессор Agata Duczmal-Czernikiewicz жетекшілігімен нәтижелі өтті.

Жалпы диссертация алты тараудан, кіріспе мен қорытындыдан тұрады. Жұмыстың кіріспесінде жалпы сипаттамасы, жұмыстың өзекілілігі, мақсаты және шешілетін міндеттері, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын ережелер және жұмыстың практикалық маңыздылығы мен нәтижелері көрсетілген.

Диссертацияның тақырыбы өзекті тақырыпқа арналған, оның маңыздылығы еліміздің минерал шикізат базасын нығайтуға бағытталған. Нақты айтқанда жұмыстың өзектілігі жаңа кенорындарын немесе белгілі кенорындары шегіндегі перспективті участкерді анықтау үшін перспективті аумақтарды болжау мәселелеріне арналған.

Фактілік материалға келетін болсақ диссертация 2021-2023 жылдарға арналған BR10264324 «Рудалардың микро- және наноминералды компоненттері Қазақстанның

минералды шикізат қорын толықтыру ресурсы ретінде оларды игеру технологияларын «әзірлеу» тақырыбы бойынша жобаны жүзеге асыру барысында жиналған материалдарға негізделген. Диссертант далалық геологиялық зерттеулер кезінде нақты материалдарды алып, барлау ұңғымаларынан шыққан шөгінділердің маршруттық бақылаулары мен керндердің құжаттамасы, сондай-ақ Қазақстанда да, шетелде де баспасөзде жарияланған басқа зерттеушілердің геологиялық материалдары пайдаланылды.

Зерттеудің мақсаты Сырымбет кен алаңы шегінде кендерді оқшаулаудың кен бақылаушы факторларын және болжау-іздеу критерийлерін жүйелеу және толықтыру негізінде перспективті алаңдарды бөлу болып табылады.

Зерттеу әдістемесі геология саласындағы заману инновациялық зерттеу әдісі болып табылатын Геоакпараттық жүйелерді қолдану арқылы Сырымбет кенде алаңының кенорындарын үш өлшемді молельдеу болып табылады. Сонымен қатар далалық геологиялық деректерді ғылыми талдау, заманауи жоғары дәлдікті жабдықтарды қолдану арқылы орындалған зертханалық зерттеулер және жұмыс ауданының геологиялық құрылымдарын зерттеу арқылы негізделген.

Құрманғажина Мәдина Мұқтарбекқызы даярлаған диссертациялық жұмыс КР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің барлық талаптарына сай келетіндіктен, «8D07205 – Геология және қатты пайдалы қазба кенорындарын барлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылады.

Әрі қарай шетелдік ғылыми кеңесшінің пікірі оқылды – Agata Duczmal-Czernikiewicz, PhD, хабил., Adam Mickiewicz University, Познань

«Сырымбет кенде алаңындағы кенорындардың үш өлшемді модельдік құрылымдарын зерттеу негізінде сирек металды кенденуді болжау» атты диссертация Солтүстік Қазақстандағы кенорындарының минералогиялық сипаттамаларына негізделген иондық адсорбциялық типті Сирек жер элементтер кенорындарын модельдеуге бағытталған қызықты зерттеу болып табылады. Зерттеу мақсаты - Сырымбет кенорындары перспективті кенорындарын анықтау, руда бақылаушы факторларды жүйелеу және толықтыру, сондай-ақ болжау және барлау критерийлері болып табылады.

Диссертация тиісті мазмұнға ие және мұндай диссертацияға қажеттінің көп бөлігін қамтиды. Ол кіріспеден, бес тараудан, қорытындылардан және библиографиялық тізімнен тұрады. Диссертация жақсы ұйымдастырылған түрде ұсынылған және дұрыс карталармен, суреттермен, диаграммалармен және кестелермен қамтамасыз етілген.

Диссертацияның алғашқы үш тарауына кіріспе, қазіргі заманғы қалайы өндірісінің әлемдік нарығы, кенорындарын геологиялық-геофизикалық зерттеу, сондай-ақ Сырымбет кенорынның геологиялық құрылымы кіреді. Бұл тараулар қолданыстағы әдебиетеер негізінде және ғылыми әдебиет көздерінен дайындалған.

Шетелдік консультант ретінде «Сырымбет кенде алаңындағы кенорындардың үш өлшемді модельдік құрылымдарын зерттеу негізінде сирек металды кенденуді болжау» диссертациялық жұмысы толық ғылыми зерттеу болып табылады, тиісті ғылыми және инженерлік деңгейде орындалды, ал М.М.Құрманғажина «8D07205 – Геология және қатты пайдалы қазба кенорындарын барлау» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторы ғылыми атағын беруге лайық деп санаймын.

СӨЙЛЕДІ:

Рецензент Омарова Г.М., PhD, «Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасының қауым.профессоры

Құрманғажина М.М. докторантының диссертациялық жұмысы Сирек металды кенденуді болжау үшін Сырымбет кенде алқабының кенорындарын үш өлшемді модельдік құрылымдар негізінде зерттеу арналған.

Диссертация өзекті тақырыпта жазылған. Қазіргі уақытта, әлемдік нарықта жоғары бағага ие және инновациялық технологияларды дамыту үшін негіз болып табылатын Қазақстанда сирек кездесетін сирек металдардың өзіндік шикізат базасын құру. Диссертацияның негізі болып табылатын материалдарды Қоргалатын мәселелер диссертация тақырыбына сәйкес нақты тұжырымдалған. Диссертацияны аprobациялау халықаралық конференциялар мен кеңестерде, импакт-факторы бар журналдарда жүргізілді. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы қорларды толықтыру жөніндегі мақсатты бағдарлама шенберінде жүргізілген жұмыстарда пайдаланылды (2021-2023жж.). Бұл бөлімге ескертулер жоқ.

Диссертацияның алтыншы тарауы кен бақылаушы факторларды және сирек металды минералданудың іздеу критерийлерін бөліп көрсетуге арналған. Бұл тарау автор жүргізген барлық зерттеулердің аяқталуы болып табылады. Автор ГАЖ технологияларын қолдана отырып, геологиялық, геохимиялық мәліметтер мен ғарыштық суреттерді қамтитын кен орны бойынша геоакпараттық мәліметтер базасын жасаған. Нәтижесінде кен бақылаушы факторларды бөліп көрсетуге, іздеу критерийлерін анықтауға, перспективті аймақтарды ұсынуға көмектесті. Бұл тәсіл ғылыми зерттеулер жүргізуге ғана емес, оларды іс жүзінде қалай қолдануға болатындығын көрсетуге мүмкіндік берді.

Жалпы, Құрманғажина Мәдина Мұхтарбекқызының диссертациялық жұмысын бағалай отырып, жұмыс компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, жоғары кәсіби деңгейде орындалған, ғылыми және практикалық қорытындылары бар, қоргалатын мәселелер алты тарауда толық қамтылған және негізделген деп сеніммен айтуда болады.

Құрманғажина М.М. 8D07205 – «Геология және қатты пайдалы қазба кенорындарын барлау» мамандығы бойынша PhD философия дәрежесін алу үшін кафедра отырысына алдын ала қорғауға ұсынылады.

СӨЙЛЕДІ: Рецензент Исаева Л.Д., геол.-мин.ғылымдарының докторы, «Геофизика және сейсмология» кафедрасының қауым.профессоры

Бұл диссертациялық жұмыс Солтустік Қазақстандағы Сырымбет кенорындағы сирек металдардың минералдануын болжау әдістемесін жасауға бағытталған. Жұмыста әлемдік қалайы нарығының ағымдағы жай-күйіне талдау жасалған, сондықтан қалайы кенінің кенорындарын болжау бойынша ғылыми зерттеулер өзекті мәселе болып табылады.

Сырымбет – Қазақстандағы келешегі бар өнеркәсіптік үлгідегі қалайы кенорны. Сондықтан диссертант зерттеу объектісін сәтті тандаған, мұнда белгілі кенорынның негізінде қалайы кендерінің локализациясын болжау критерийлерін белгілеуге және жүйелеуге болады.

Дәстүрлі зерттеулерден айырмашылығы диссертант геология саласындағы инновациялық зерттеу әдістерін (ГАЖ технологиясы) дәстүрлі минералогиялық зерттеу әдістерімен проблеманы шешуде біріктіре алды.

Жоғарыда аталған әдістерді қолдану арқылы алынған нәтижелер диссертантқа қалайы кенорны шегінде тарапу заңдылығын белгілеуге, сонымен қатар рудалар мен негізгі жыныстардың материалдық құрамын зерттеуге, касситерит пен шеелиттің химиялық құрамын анықтауға мүмкіндік берді. Алғаш рет кенді минералдар құрамындағы сирек және шашылымды элементтер 10-30% аралығында бағаланды.

Бұл нәтижелер қалайы кендерін болжау критерийлерін жүйелеудің ғылыми негізін құрады. Жүргізілген зерттеулердің өзектілігі күмән тудырмайды және сирек металдар кенорындарын болжау критерийлерін әзірлеу әдістері тұрғысынан белгілі бір мәнге ие.

Диссертанттың жеке үлесі геологиялық мәліметтер кешенін жинау, жүйелеу және жалпылау, әртүрлі минералогиялық талдаулар, сондай-ақ Сырымбет кенорынның үш өлшемді моделін құру арқылы анықталды. Диссертация тақырыбы бойынша 6 ғылыми мақалалар жарияланды. Олардың барлығы диссертацияда қарастырылған әртүрлі мәселелерге арналған. Зерттеу нәтижелері әртүрлі кезендерде республикалық конференциялар мен симпозиумдарда баяндалған.

Құрманғажина М.М. 8D07205 – «Геология және қатты пайдалы қазба кенорындарын барлау» мамандығы бойынша PhD философия дәрежесін алу үшін кафедра отырысына алдын ала қорғауға ұсынамын.

СӨЙЛЕДІ: Жаутиков Б.А., т.ғ.д., профессор, «Қарағанды индустриялық университеті» ҚeАҚ-ның Басқарма Төрағасы-Ректор м.а.

Құрметті қауым сіздермен көріскеніме өте қуаныштымын. Құрманғажина М.М. ҚазҰТЗУ қабыргасында еңбек етіп, Геология және мұнай-газ ісі институтының дирекциясында өзін жоғары білікті менеджер ретінде көрсете білді. Кафедра мен университет өміріне белсене қатысты. Бүгінгі Құрманғажина М.М. диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады. Мен геолог маман болмасам да, диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша тұрғызылған модельдердің қаншалықты маңызды екенің айтқым келеді, ол қисық болсын, тұзу болсын. Ең бастысы сіздер білесіздер осы кенорын бойынша кенденесінің қалай жатқанын. Мен ойлаймын қазіргі таңда осындай жастарды қолдау керек деп, әсіресе айтарым ғылыми жетекшілеріне. Мәдинаға сәттілік тілеймін.

Жунусов А.А. – г.-м.ғ.к., «Асыл металдар» зертханасының бас ғылыми қызметкері Қ.И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институты.

Қайырлы күн әріптестер! Бүгінгі тындалған диссертациялық жұмыс өте өзекті, сонымен қатар Сырымбет кенорны күрделі сирек металды кенорындарың бірі. Мәдина өзіне жүктелген тапсырмаларды орындауға тырысты. Кенорынға бірнеше барып келіп, ол жердің геологиясымен танысты. Ол жақтан сынамалар әкеліп, олардың минералдық құрамын зерттеді. Дегенмен де кафедрада оған жүктелген жұмыс көп, неге соларды азайтпасқа. Соны ойластыру қажет диссертациялық қорғауға дейін.

Жалпы жұмыс толығымен біткен, біршама жұмыстар жасалған осында және шетелде де. Мәдinanы қолдауымыз керек, осы кафедрада еңбек етіп жатқанына біраз болды. Өз басым Құрманғажина М.М. 8D07205 – «Геология және қатты пайдалы қазба кенорындарын барлау» мамандығы бойынша PhD философия дәрежесін алуға лайық деп санаймын. Рахмет.

Бекботаева А.А., PhD докторы, профессор:

Ұсыныс: «8D07205 – Геология және қатты пайдалы қазбалар кенорындарын барлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға диссертациялық жұмысты ұсыну немесе ұсынбау туралы дауыс берулерінізді сұраймын:

Дауыс беру нәтижелері:

**Иә, толықтай келісемін - 0,
Иә, бірақ ескертулермен – 25,
Қарсы - 0,
Қалыс қалды - 0.**

Кафедраның кеңейтілген отырысының ашық дауыс беру нәтижелері бойынша

КЕЛІСІЛДІ:

М.М.Құрманғажинаның «8D07205 – Геология және қатты пайдалы қазбалар кенорындарын барлау» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған «Сырымбет кенді аланындағы кенорындардың үш өлшемді модельдік құрылымдарын зерттеу негізінде сирек металды кенденуді болжау» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысы аяқталды, бірақ айтылған ескертулер шешілсін деп есептелсін.

«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«8D07205 – Геология және қатты пайдалы қазбалар кенорындарын барлау» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығын, өзектілігін, жеке үлесін және практикалық маңыздылығын ескере отырып, ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің (БГСБК) ғылыми дәрежелерін беру қағидаларының талаптарына сәйкес деп есептелсін және Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ диссертациялық кеңесінде қорғауға ұсынылсын.

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты директоры Сыздыков А.Х. қолы, Төраға Бекботаева А.А., ГТПҚКІжБ кафедра менгерушісі және хатшы Мухамедиярова Н.З. қолдарымен растаймын.

ГжМГИ директоры

А.Х. Сыздыков

Төраға

А.А. Бекботаева

Хатшы

Н.З. Мухамедиярова